

## "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жер учаскесіне қауымдақ сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 1255 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 маусымда № 7817 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69 -бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің коммуналдық, инженерлік, электрлік және басқа желілер мен жүйелерді төсеу және пайдалану мақсатында, "Қостанай қаласы, "Юбилейный" шағын ауданының Ұлттық мәдени орталығына абаттандыру" объектісі бойынша жер учаскесіне қауымдақ сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдігінің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазак және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

Б. Жақыпов